

Бөлім	МЕНІҢ МЕКТЕБІМ	
Педагогтің аты-жөні	Сариева А.С.	
Күні	30.01.2025 ж	
Сынып: 2 «Е» Мукими атындағы №13 жоббм	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Еңбек	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажырату; 2.5.1.1 мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша/жазбаша түрде қолдану.	
Сабақтың мақсаты	Мәтін жанрын ажыратады, іс-әрекетін айтады, жұмбақтың шешуін табады, мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша/жазбаша түрде қолдана алуды меңгереді.	
Құндылықтар	• Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну • Бастаған ісін соңына дейін жеткізе білу • Өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін олардың моральдық нормаларға сәйкестігі тұрғысынан талдай білу • Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету • Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау • Түрлі мамандықтарға қызығушылық таныту • Өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдылану • Жасына байланысты қол жетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылықтары	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	1. Оқушылармен амандасу 2. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Біз қандаймыз, қандаймыз? Жарқыраған шамдаймыз. Бір-бірімізді, қолдаймыз Пікіріміз, құнды Қателесуге болмайды. Топқа бөлу. Оқушыларды екі топқа бөлемін. I топ. Еңбек II топ Зейнет	Оқушылар амандасып, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Оқушылар екі топқа бөлінеді.	ҚБ: мадақтау	Өлең

	(сандар арқылы бөлу 1 , 2) Үй тапсырмасын сұрау «Қар кесек» әдісі. 3-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. (сұрақ-жауап) 4-тапсырма. Жазылым			Сөмке суреті Стикерлер (дәптер, қарындаш)
Сабақтың ортасы (35 мин)	Жаңа сабақ: Еңбек . Сабақты ашу Жазылым. Жаңа сөздер: Су құю, баптау, зерлеу, еден жуушы Бейнебаян көрсетемін. «Еңбек» Тыңдалым. 1-тапсырма. Тыңдайық. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап беру. Өлең не туралы? Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек. <i>Нұрхан Жанаев</i> • Өлең не туралы?	Жаңа сабақтың тақырыбын дәптеріне жазады. Мұғалімді тыңдайды. Сөздерді қайталайды, оқиды, жазады. Мұғалімді тыңдайды, өлең тақырыбын айта алады.	Оқу мақсатын оқу	Слайд

	Балалар, еңбек туралы мақал мәтелдерді кім айтады? «Кім жылдам?» әдісі 2-тапсырма. Оқылым. 1 сурет Еден жуушы 2 сурет Дәрігер 3 сурет Бағбан 4 сурет Аспаз Сергіту сәті. Оқушылар әнді орындайды. Болайықшы осындай Сөзі, әні-А. Меңжанованікі Таза бала мұнтаздай, Сүйсінеді қараған, Ұқыпты деп бұл қандай, Жақсы көрер бар адам Қайырмасы: Ұқыпты осындай Болайықшы, досым-ай! Оқулықпен жұмыс. Топтық жұмыс 3-тапсырма. Айтайық. Суретке қара. Балалардың іс-әрекетін айт. <i>Үлгі:</i> Айгүл қызанақ жинады. 	1-тапсырмадағы сурет Дескриптор: -мақал-мәтелдер айтады; -мағынасын түсінеді. 2-тапсырмада мамандық иелері туралы түсінік алады. Жұмбақты оқып, шешуін табады. Дескриптор: – өлең не туралы екенін айтады; – жұмбақты түсініп оқиды; – жұмбақтың шешуін табады. Сергіту сәті. Оқулықпен жұмыс. Суретке қарап, балалардың іс-әрекетін айтады. Суретпен жұмыс жасайды, жаңа сөздерді қолданады. Дескриптор: – суреттегі маманның іс-әрекетін айтады; – мамандық иелерін атап айтады; – сурет бойынша сөйлемдер құрап жазады..	ҚБ: өзін-өзі бағалау 	жұмбақтар, мамандық суреттері
--	--	--	--	--------------------------------------

	Айдос пен Алмас қырыққабат жинады. Үсен бұрыш жинады. Сабақты бекіту: Еңбек -бәрін жеңбек			Плакат
Сабақтың соңы (5 минут)	Үй жұмысы: 4-тапсырма Рефлексия. «Білім сандығы» Бағалау.	Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады. Кері байланыс. «Білім сандығы»		